

Қарағанды облысы білім басқармасының  
Қарағанды қаласы білім бөлімінің  
«№66 мектеп-лицейі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение  
«Школа-лицей №66»  
отдела образования города Караганды  
управления образования  
Карагандинской области

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

02 бұйрықпен 2024 жыл № 143-к/к

Қарағанды қаласы  
город Караганда

**Тамақтану сапасының  
мониторингі жөніндегі  
комиссияны құру туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 «Қарағанды облысы білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығына, Қарағанды қаласы білім бөлімінің 2024 жылғы 29 тамыздағы №428 «Қарағанды қаласы білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) мынадай құрамда құрылсын және бекітілсін:



Комиссия төрайымы:

Н.М. Мисюрина – директор

Комиссия мүшелері:

- 1) Н.С. Сулейменов – Қамқоршылық кеңестің төрағасы
- 2) Д.М. Мусаева – мектеп директорының ТЖ орынбасары
- 3) А.Р. Махамбетов – мектеп директорының ОЖ орынбасары
- 4) А.К. Муратбаева – әлеуметтік педагог
- 5) Б.Ж. Башпаева – медициналық қызметкер
- 6) Г.Б. Армиева – ата-ана комитетінің мүшесі

2. Комиссия хатшысы болып әлеуметтік педагог А.К. Муратбаева тағайындалсын.

3. Қағидалардың 110 тармағына сәйкес комиссиялар мынадай функцияларды айқындасын:

1) келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына мониторингті жүзеге асыру;

2) тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіде отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуын тексеру;

3) пісірілген тағамдардың сапасын тексеру;

4) технологиялық жабдықтың бар-жоғын және жарамдылығын тексеру;

5) өнімдерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуын, балалардың нақты рационның күнделікті, перспективалық мәзірге сәйкестігін бақылау;

6) асхананың санитарлық жағдайының сақталуын бақылау.

4. Ереженің 111-тармағына сәйкес Комиссия хатшысы А.К.Муратбаева ай сайын комиссия жұмысының қорытындысын ақпарат түрінде ресімдеп, оларды кейіннен педагогикалық кеңесте қарап, мектеп сайтында орналастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие работе жөніндегі орынбасары Д.М. Мусаеваға жүктелсін.

Директор



Н.М. Мисюрина



Бұйрықпен таныстым:

Н.С. Сулейменов

Д.М. Мусаева

А.Р. Махамбетов

Г.Б. Армиева

А.К. Муратбаева

Б.Ж. Башпаева